3) „Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі".

Қазақ әдебиеті тарихында адами құндылықтар тақырыбы ерекше орын алады. Оның бір айқын көрінісі – өзімізге белгілі қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдері. Абай Құнанбайұлы өз шығармаларында ұлтының көрінісін да осы адамдың құндылықтар арқылы бейнеледі. Ол заманындағы қоғам кемшіліктерін айтып қана қоймай, адам болуға, жақсы мен жаманды айыруға шақырған. Ал Абай өз туындыларында бұл тақырыпты қалай сипаттайды?

Абай қозғаған адамгершілік, надандық пен әділетсіздік бүгінгі күнде де өзекті мәселелер болып табылады. Себебі жақсылық пен жамандық әрдайым бір-бірін қостап жүрген, ал біздің міндетіміз бен Абай атамыздың мақсаты – жақсылықты көбейту. Сондықтан ақын ұлттық мінез (тақырыбын) көрінісін жаман қасиеттерді сынға ала көрсеткен. Біріншіден, Абай сол кездегі қоғамдағы надандықтың жиі кездесуіне наразы болды. Өйткені оның замандастарында білім алуға дұрыс мүмкіндік болмады. Бірақ соған қарамастан, оқудың жоғары маңыздылығын түсіндіре білді. Мысалы, „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде „Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз", – деп, білімнің әрдайым бірінші

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

орында тұру керектігін тура айтады. Бүгін де бұл ел арасында кітап оқудың орнына ұялы телефонға байланғандардың бейнесінде көрінеді. Меніңше, біздің - адамзатты басқа жаратылыстардан айыратын қасиет - сана болғандықтан, оны керек жерге жаратып, Абай айтқандай, білімге ұмтылуымыз қажет. Екіншіден, еңбекқорлықты насихаттады. Дана да шешен ата-бабамыз „Еңбек түбі-береке,"-деп бекерден бекер айтқан жоқ. Себебі, менің ойымша, еңбек қылған, қадам жасаудан тайынбай, ерінбеген адам ғана өз дегеніне жетеді. Мысалға айтсақ, Абайдың „Сегізаяқ" өлеңінде „Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" үзіндісі - халқымызда кең тараған насихат, тіпті мақал деуге болады. Өйткені балалар кішкене кезінен бұл сөзді естіп өседі. Осылайша, елімізде, қаласа, тау қопаратын қазағымыз бар. Үшіншіден, ұлы ақын әділетсіздікке қарсылығын білдірген. Абай өмір сүрген уақытта қазақ Патша үкіметіне отар болған, сол кезде кей бай-сұлтандар туған ұлтын сатуға, алдап арбауға дайын болған. Мысалға, „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" өлеңі бұл мәселені терең қарастырған. Онымен қоса, „Пайда ойлама, ар ойла" шығармасы қара басын ғана ойлап, өз арынан аттап басудың орнына, „Адал жүріп, адал тұр"-дейді. әділ азаматтық -

әжелер мен өзіне деген құрметтің белгісі екенін жеткізеді. Ең бастысы, Абай осы көтерілген тақырыптар арқылы адам болуға шақырды.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбайұлы поэзиясы тек қазақ халқы ғана емес, тегіс адамзат үшін өзекті мол адами құндылықтарды қозғады. Оның тақырыбындағы қоғам кемшіліктері қазір де көрінісін таба алады. Бірақ олардан арылу – біздің (~~б~~) мойнымызда. Меніңше, Абай (біздің) өзіміздің кім екенімізді ұмытпағанымызды, „Адам болғанымызды" қалайды. Сондықтан бүгінгі ұлттық көріністің адамдық жағынан жақсы көрінуі де тікелей бізге байланысты.